

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1961 және 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1963 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 сәуір N 492

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес сыртқы заем тартуы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1961 P001961_ қаулысына:

1-тармақтың екінші абзацындағы "2000" деген сан "2001" деген санмен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1963 P001963_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 56, 631-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2000-2002

жылдарға арналған Мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасына 3-қосымшада:

"Көлік және байланыс" салалық секторында реттік нөмірі 11-жолда:

"Кепіл мөлшері" деген жолдың 9-бағанындағы "9,00" деген сан алынып тасталсын, 10-бағаны "9,00" деген санмен толықтырылсын;

"Барлығы" деген жолдағы:

"Кепіл мөлшері" деген жолдың 9-бағанындағы "254,40" деген сан "245,40" деген санмен ауыстырылсын.

"Кепіл мөлшері" деген жолдың 10-бағанындағы "219,66" деген сан "2228,66" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ